



FieldLevel II

ЖҮЙЕСІ

ЖЕР ТЕГІСТЕУ

Trimble® FieldLevel™ II жүйесі – бұл су ресурстарын оңтайлы меңгеруді қамтамасыз ету үшін алқаптың бетінің топографиялық түсірілімін жасауға, жерді жобалауға және тегістеуге арналған кешенді шешім. Ол түсімнің, суды пайдаланудың және шаруашылықтың өнімділігінің айтарлықтай жақсаруын қамтамасыз етеді.

Топографиялық түсірілім

- ▶ Алқаптарды оңтайлы қамту және жер беті су жолдарын дәл жобалауды қамтамасыз ету үшін дәл RTK өлшемдерімен алқаптардың картасын жасаңыз.
- ▶ Шекараларды, ішкі нүктелер мен беттерді оңай жасаңыз.
- ▶ Түсірілімі жасалған алаңының нақты өлшемдерін есептеңіз және баяндаңыз.

Жобалау

- ▶ Топографиялық түсірілім, алдын ала белгіленген беткейлер және кесу мен толтыру балансының талаптары негізінде Autoplane технологиясын қолдана отырып оңтайлы бетті жасаңыз.
- ▶ Алдын ала белгіленген бағдар мен беткейлер үшін бастапқы және көлденең беткейлерді анықтаңыз, бұл бұрын тегістелген алқаптарды оңай тегістеуге мүмкіндік береді.
- ▶ Алқаптарға қатысты күрделірек талаптарды орындау үшін Multiplane жобалау бағдарламалық жасақтамасын пайдаланыңыз және деректерді FieldLevel II жүйесіне оңай жіберіңіз.

Тегістеу

- ▶ Алаңдағы топырақтың қажет мөлшерін ғана жылжыту үшін тегістегіштің гидравликалық клапандарын автоматты түрде басқарыңыз.
- ▶ Алқаптарды кез-келген маркалы және модельді трактор мен тегістегіштің көмегімен тегістеңіз.
- ▶ Алқаптарды тегістеу кезінде өнімділікті арттыру үшін тандем және қос тегістегіш жүйелерін қолданыңыз.

Артықшылықтары

- ▶ Көлбеулікті дұрыс жасау арқылы суды тиімді тарату
- ▶ Артық суды қадағалау арқылы өнімділікті арттыру
- ▶ Су шығындарын азайту және шаруашылықтың өнімділігін арттыру





БӨГЕТТЕРДІ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

Trimble FieldLevel II жүйесі пайдаланушыларға операторларға қажетті икемділікті қамтамасыз ететін күріш бөгеттерін орнатудың екі әдісін ұсынады. Бөгеттерді жобалау және бағыттау бойынша кешенді шешімді немесе машинаны контур бойымен қолмен бағыттау нұсқасын таңдаңыз.

Бөгет

- ▶ TMX-2050™ немесе FmX® дисплейінде FieldLevel II Survey and Design модулімен үш өлшемді топография деректерін түсіріңіз және Trimble Ag бағдарламалық жасақтамасына деректерді импорттаңыз.
- ▶ Алқап пішінін 3D қарау құралымен, контурлармен, ағын көрсеткілерімен және ағындар туралы ақпаратпен талдаңыз.
- ▶ Пайдаланылған техниканың бастапқы нүктесін, тік аралықтарын және айналу радиусын анықтаңыз; WM-Subsurface бағдарламалық жасақтамасы суды оңтайлы пайдалану үшін алқаптағы ең жақсы бөгет салу орындарын анықтайды.
- ▶ Жобаны TMX-2050 немесе FmX дисплейіне экспорттаңыз және бөгеттерді орнату кезінде тракторды басқару үшін Trimble Autopilot™ автоматтандырылған басқару жүйесін қолданыңыз.

Контур

- ▶ Сонымен қатар, дәстүрлі лазерлік әдістердің орнына алқаптың контуры бойымен бөгеттерді қолмен белгілеу үшін FieldLevel II жүйесін қолданыңыз.
- ▶ Бөгеттің бастапқы нүктесін анықтаңыз, содан кейін Trimble дисплейіне сізді солға немесе оңға бағыттап, контур бойымен тамаша бөгеттерді белгілеуіне мүмкіндік беріңіз.
- ▶ Бір контурдан екіншісіне ауысқан кезде пышақтың қадамын жоғары немесе төмен өзгерту арқылы бөгетті белгілеуге қатысты қиындықты және оған кететін уақытты азайтыңыз.

TRIMBLE СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІ

Су – әлемдегі фермерлер үнемі өсіп келе жатқан азық-түлік сұранысын қанағаттандыру үшін тиімді пайдалануы керек табиғаттың ең құнды ресурстарының бірі. FieldLevel II жүйесі – топографиялық түсірілім, жерді тегістеу, бөгеттерді жобалау және орнату үшін GPS сигналдарын пайдаланатын Trimble компаниясының су ресурстарын басқарудың ең тиімді жүйесі.

Әлемдегі тұщы судың жетпіс пайызына дейін ауылшаруашылық қажеттіліктері үшін қолданылады. Су шығындарын азайтуға және суды тиімді таратуға мүмкіндік беретін FieldLevel II жүйесі сияқты өнімдер су ресурстарын үнемдеу үшін өте маңызды. Сонымен қатар, Trimble деректерді жинау технологиялары кабинада карталарды кесу және толтыру жұмыстары кезінде пайдалануға арналған кез келген алқаптың топографиялық картасын жылдам және дәл жасауға мүмкіндік береді.

Сіздің Trimble су ресурстарын басқару технологиясына салған инвестицияңызды суды дренаждау, дәл бағыттау, себу, ағын мен тыңайтқышты бақылау және өнімділікті қадағалау сияқты басқа ауылшаруашылық шешімдеріне де қолдануға болады. Мұндай әртүрлі функциялы құралдармен қаражатты анағұрлым тиімді инвестициялауға болады.

Trimble компаниясының су ресурстарын басқару саласында 25 жылдық тәжірибесі бар және біздің жүйелеріміздің өнімділікті 25%-ға арттыратыны және су шығынын 30%-ға қысқартатыны дәлелденген. Себебі Trimble компаниясы әрбір теңгені және әрбір су тамшысын тиімді жұмсау маңызды екенін біледі.

Жергілікті Trimble Ag дистрибьюторымен бүгін хабарласыңыз

СОЛТУСТІК АМЕРИКА

Trimble Agriculture бөлімшесі
10368 Westmoor Drive
Westminster, CO 80021
АҚШ
Телефон: +1-720-887-6100
Факс: +1-720-887-6101

Trimble Inc.
Корпорациялық бас
кеңселері
935 Stewart Drive
Sunnyvale, CA 94085
АҚШ
Телефон: +1-408-481-8000
Факс: +1-408-481-7740

ЕУРОПА

Am Prime Parc 11
65479 Raunheim
GERMANY
Телефон: +49-6142-2100-0
Факс: +49-6142-2100-140